

Диссертациялық кеңестің 2021 жылғы атқарылған жұмысы туралы ЕСЕБІ

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті жанындағы 8D07-«Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары», 8D08-«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» (6D073200-«Стандарттау және сертификаттау», 6D080200-«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы», 6D060800-«Аграрлық техника және технология» мамандықтары) даярлау бағыттары бойынша диссертациялық кеңесі.

Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2019 жылғы 27 мамырдағы № 464 және «С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ» КеАҚ Басқарма Төрағасының 2021 жылғы 31 мамырдағы № 284-Н бұйрықтарымен бекітілген.

Диссертациялық кеңестің төрағасы – а.ш.ғ.д., профессор С.К. Шауенов, төраға орынбасары – т.ғ.д., доцент Д.Б. Курманғалиева, ғалым хатшы – PhD докторы Д.К. Ибраев.

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер

Биылғы есепті жылы жалпы 9 отырыс өткізілді:

№ 1 отырыс (04 июня 2021 жыл) - диссертациялық Кеңестің төрағасын, төраға орынбасарын және ғалым хатшысын сайлау және диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелерін ҚР БҒМ диссертациялық кеңес туралы ереженің және PhD философия докторы дәрежесін беру қағидаларының өзгерістерімен таныстыру.

№ 2 отырыс (10 қыркүйек 2021 жыл) – докторант Т.Е.Сарсембаеваның 6D073200–«Стандарттау и сертификаттау» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысты қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру және диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау.

№ 3 отырыс (10 қыркүйек 2021 жыл) - докторант Г.Т. Юсупованың 6D073200–«Стандарттау и сертификаттау» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысты қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру және диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау.

№ 4 отырыс (10 қыркүйек 2021 жыл) – докторант Ж.К.Шадьярованың 6D073200–«Стандарттау и сертификаттау» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысты қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру және диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау.

№ 5 отырыс (10 қыркүйек 2021 жыл) – докторант А.Е. Джексембаевның 6D073200–«Стандарттау и сертификаттау» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысты қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру және диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау.

№ 5А отырыс (13 қазан 2021 жыл) – Т.Е. Сарсембаеваның диссертациясын қорғауы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшесі А.В. Маздубайдың өз еркімен қатыса алмауына байланысты (хаты бар) диссертациялық кеңестің уақытша мүшесі етіп «Торайғыров университеті»

КеАҚ «Машина жасау және стандарттау» кафедрасының профессоры, т.ғ.к. А.Ж. Касеновты тағайындау.

№ 6 отырыс (14 қазан 2021 жыл) – 6D073200-«Стандарттау и сертификаттау» мамандығы бойынша докторант Т.Е.Сарсембаеваның диссертациялық жұмысын қорғауы.

№ 7 отырыс (14 қазан 2021 жыл) – 6D073200-«Стандарттау и сертификаттау» мамандығы бойынша докторант Г.Т.Юсупованың диссертациялық жұмысын қорғауы.

№ 8 отырыс (15 қазан 2021 жыл) - 6D073200-«Стандарттау и сертификаттау» мамандығы бойынша докторант Ж.К.Шадьярованың диссертациялық жұмысын қорғауы.

№ 9 отырыс (15 қазан 2021 жыл) - 6D073200-«Стандарттау и сертификаттау» мамандығы бойынша докторант А.Е.Джексембаеваның диссертациялық жұмысын қорғауы.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелері - жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

№	Докторанттың тегі, аты, жөні	Диссертация тақырыбы	Ғылыми консультанттары	Ресми рецензенттері	Жоғарғы оқу орны
1	2	3	4	5	6
1	Сарсембаева Толкын Ержановна	Тұтас илемделген дөңгелектерді өңдеудің техникалық деңгейін және сапасын арттыру үшін плазмалық беріктендіру арқылы халықаралық стандарт ИСО 1005-6 сәйкес зерттеу	Канаев Амангельды Токешевич – техника ғылымдарының докторы, «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ, «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының профессоры. Тополянский Павел Абрамович – техника ғылымдарының кандидаты, Данқты Петр атындағы Санкт-Петербург политехникалық университетінің доценті, Ресей Федерациясы.	Никонова Татьяна Юрьевна – техника ғылымдарының кандидаты, «Технологиялық жабдықтар, машина жасау және стандарттау» кафедрасының доцент м.а. «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ; Михалченко Василий Николаевич – техника ғылымдарының кандидаты, Ұлттық аккредиттеу орталығының қадағалау кеңесінің төрағасы, Нұр-Сұлтан қ-сы.	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

2	Юсупова Гаухар Тургалиевна	НАССР жүйесі негізінде сүт өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі	<p>Курмангалиева Дина Бакыт-кожаевна – техника ғылымдарының докторы, «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының доценті, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ;</p> <p>Гаптар Светлана Леонидовна – техника ғылымдарының кандидаты, доцент, «Тамақ өнімдерінің технологиясы мен тауартану» кафедрасының меңгерушісі Новосибирск мемлекеттік аграрлық университеті, Новосибирск қаласы, Ресей Федерациясы.</p>	<p>Диханбаева Фатима Тохтаровна – техника ғылымдарының докторы, «Алматы технологиялық университеті» АҚ, «Тағам өнімдерінің технологиясы» кафедрасының профессоры;</p> <p>Алиев Мурат Ашрафович – 6D073200 – «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), «Байсерке - Агро» ЖШС директоры.</p>	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ
3	Шадьярова Жазира Куспановна	Ешкі сүт өнімдерін стандарттау үшін теориялық негіздерді әзірлеу	<p>Курмангалиева Дина Бакыт-кожаевна – техника ғылымдарының докторы, «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының доценті, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ;</p> <p>Гаптар Светлана Леонидовна – техника ғылымдарының кандидаты, доцент, «Тамақ өнімдерінің технологиясы мен тауартану» кафедрасының меңгерушісі, Новосибирск мемлекеттік аграрлық университеті, Новосибирск қаласы, Ресей Федерациясы.</p>	<p>Смаилова Жулдыз Жолдасовна – техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессора м.а., «Сәндік қолданбалы және бейнелеу өнері» кафедрасының меңгерушісі, «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ;</p> <p>Есиркеп Гульмира Есиркепова – техника ғылымдарының кандидаты, «Технология және стандарттау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Қазақ технология және бизнес</p>	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

				университеті» АҚ.	
4	Джексем-баева Асель Ермековна	Агроөнеркәсіптік кешеннің өндірістік, инженерлік, әлеуметтік инфрақұрылымы үшін цемент қоспаларын жөндеу сапасын қамтамасыз ету	Ниязбекова Римма Калманбаевна – техника ғылымдарының докторы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының доценті. Кривобородов Юрий Романович – техника ғылымдарының докторы, Д.И. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университетінің профессоры, Ресей Федерациясы.	Жусупбеков Аскар Жагпарович – техника ғылымдарының докторы, Геотехникалық ғылыми-зерттеу институт директоры, Нұр-Сұлтан қ-сы. Калиева Жанар Ералиновна – техника ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс технологиясы» кафедрасының доценті, Нұр-Сұлтан қ-сы.	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

2021 жылы диссертациялық кеңеске 4 докторанттың құжаттары мен диссертациялық жұмыстары ұсынылды.

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау

4.1. Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялар стандарттау және сертификаттау саласындағы қолданбалы зерттеулер бойынша орындалған.

Толкын Ержанқызы Сәрсембаеваның «Тұтас илемделген дөңгелектерді өңдеудің техникалық деңгейін және сапасын арттыру үшін плазмалық беріктендіру арқылы халықаралық стандарт ИСО 1005-6 сәйкес зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өңделетін бұйымның химиялық құрамы, орталық қабаттарының құрылымы мен қасиеттері өзгермеген болаттың үстіңгі қабатының құрылымын жаңғыртуға әкелетін плазмалық өңдеуді пайдалана отырып, «доңғалақ-рельс» үйкелісі жұбында тұтас илемделген теміржол доңғалақтарының тозуға төзімділігін арттыру процестерін зерттеуге арналған. Диссертация беткі плазмалық өңдеу арқылы доңғалақ жұптарының сапасы мен пайдалану ресурсын жақсартуға бағытталған.

Юсупова Гаухар Турғалиевнаның «НАССР жүйесі негізінде сүт өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу

жұмысы осы жүйе негізінде және Қазақстан Республикасының ИСО 22000-2006 «Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйелері» стандарттарына сәйкес ешкі сүтінен жасалған өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін ғылыми негіздеу үшін НАССР жүйесін зерттеуге және енгізуге арналған. Теориялық зерттеулер нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы сүт және сүт өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорындардағы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйесінің жай-күйі зерделенді, сүт өндіру процесінде сыни бақылау нүктелері анықталды, мониторингтің сыни шектері мен рәсімдері, анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі түзету іс-қимылдары, НАССР жоспары белгіленді.

Шадьярова Жазира Куспановнаның «Ешкі сүт өнімдерін стандарттау үшін теориялық негіздерді әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысындағы ғылыми зерттеулер өнімнің ассортиментін кеңейтетін бәсекеге қабілетті ашыған сүт өнімдерін әзірлеуге, өнімге ұйымдастырушылық стандарттар жасауға арналған. Зерттеулер нәтижесінде ешкі сүтінен жаңа қышқыл сүт өнімі-құрма қосылған йогурт әзірленді, ешкі сүтінен құрма қосылған йогурттың ғылыми негізделген микробиологиялық, органолептикалық, физика-химиялық деректері алынды және «Ешкі сүтінен құрма қосылған йогурттар» ұйымының стандарты әзірленді.

Джексембаева Асель Ермековнаның «АӨК өндірістік, инженерлік, әлеуметтік инфрақұрылым объектілері үшін жөндеуге арналған цемент қоспаларының сапасын қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы цемент пен болат балқыту шлактары негізінде композициялық материалдар алудың ғылыми-техникалық негіздерін әзірлеуге, сапаның жақсартылған технологиялық және пайдалану көрсеткіштерімен және өндірісте технологияны қолдану үшін өнеркәсіптік қалдықтардан жасалған материалдар мен бұйымдарға нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуге арналған. Зерттеулер шикізат материалдары мен болат балқытатын қалған қалдықтары қосылған цемент композиттерінің құрамы мен құрылымын, пасталарды гидратациялау процестерін, цемент пен болат балқыту кезінде қалған қалдықтарға негізделген композициялық материалдардың қатаюын, цемент негізіндегі жөндеу құрылыс қоспаларының физикалық-механикалық және пайдалану сипаттамаларын зерттеуге бағытталған. Зерттеу нәтижесінде 5% болат балқытатын қалдықтарын, цемент негізінде цементті жөндеу қоспасының оңтайлы құрамы анықталды, жаңа цементті композитті оның техникалық сипаттамаларын белгілей отырып өндіру технологиясы анықталды, ЖШС-870921401140-01-2020 СТ ұйымдастыру стандарты әзірленді.

4.2 Диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Т.Е. Сарсембаеваның «Тұтас илемделген дөңгелектерді өндеудің

техникалық деңгейін және сапасын арттыру үшін плазмалық беріктендіру арқылы халықаралық стандарт ИСО 1005-6 сәйкес зерттеу» тақырыбындағы ғылыми зерттеулері үстіңгі плазмалық өңдеу арқылы доңғалақ жұптарының сапа деңгейін және пайдалану ресурсын арттыруға арналған. Зерттеулер «Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, шикізат пен өнімді қайта өңдеу» басымдылығы бойынша ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру бюджеттік бағдарламасының шеңберінде «Вагондық доңғалақтарды плазмалық нығайтудың инновациялық технологиясын әзірлеу және тәжірибелік-өнеркәсіптік енгізу» тақырыбы бойынша (2015-2017 жж.) және «Доңғалақтарды плазмалық нығайтудың инновациялық технологиясын енгізумен Қазақстанда темір жол машина жасау кластерін дамыту» тақырыбы бойынша (2018-2020 жж.) орындалды. Докторант жүргізген ғылыми зерттеулер негізінде беткі қаттылығы ~ 840-860 НV болатын және доңғалақ жұптарының пайдалану ресурсын 2,0 - 2,5 есе кепілді арттыруды қамтамасыз ететін нығайтылған аймақтың оңтайлы тереңдігі (1,5-2,0 мм) белгіленді.

Г.Т. Юсупованың «НАССР жүйесі негізінде сүт өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бастамашыл тақырып аясында орындалды: «Қауіпсіз сүт өнімдерін өндіру бойынша іс-шараларды әзірлеу» №0118РКИ 0554 өз қаражаты есебінен (2018-2020 жж.). Ғылыми зерттеулер кезеңінде НАССР жүйесінің орындылығы негізделді, сыни бақылау нүктелері анықталды, сыни шекаралар, сәйкессіздіктер мен мониторинг рәсімдерін жою бойынша түзету әрекеттері белгіленді, өнімнің тағамдық құндылығы анықталды.

Ж.К. Шадьярованың «Ешкі сүт өнімдерін стандарттау үшін теориялық негіздерді әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы № 0118РКИ0554 «Қауіпсіз сүт өнімдерін өндіру бойынша іс-шараларды әзірлеу» бастамашыл тақырыбы аясында өз қаражаты есебінен орындалды. Ізденуші жүргізген ғылыми зерттеулер негізінде ешкі сүтінен жаңа қышқыл сүт өнімі - құрма қосылған йогурт әзірленді, ешкі сүтінен құрма қосылған йогурттың ғылыми негізделген микробиологиялық, органолептикалық, физика-химиялық деректері алынды және «Ешкі сүтінен құрма қосылған йогурттар» ұйымының стандарты әзірленді.

А.Е. Джексембаеваның зерттеу жұмысы «АӨК өндірістік, инженерлік, әлеуметтік инфрақұрылым объектілері үшін жөндеуге арналған цемент қоспаларының сапасын қамтамасыз ету» тақырыбында ҒЗЖ №666.949:626(0,83.94Н71) «Гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау және жөндеу үшін құрамында болат балқытқыш қалдықтары бар жөндеу қоспаларының жаңа құрамдарын әзірлеу» және «Құрылыстарды реконструкциялау және жөндеу үшін өнеркәсіптің феррит қалдықтары бар цемент жөндеу қоспаларының жаңа құрамдарын әзірлеу» тақырыбы бойынша Дүниежүзілік Даму Банкі қаржыландыратын №APP-PHD-A-18/021P халықаралық грантпен, АҚШ-тың Мичиган мемлекеттік университетінің ғылыми-зерттеу зертханасының базасында жарты жылдық тағылымдамадан өтуімен орындалды. Жүргізілген зерттеулер негізінде болат балқытатын қалдықтарды қоса отырып, жаңа композициялық материалдарға сапа стандарты

әзірленді.

4.3. Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

Докторант **Т.Е. Сарсембаеваның** ғылыми зерттеулерінің нәтижелері «Проммашкомплект» ЖШС мен «Tim» OIL ЖК сыналды. Темір жол доңғалағын плазмалық өндеуге арналған тәсіл мен құрылғы ҚР № 4808 пайдалы моделіне патентпен қорғалған. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің техникалық факультетінің Стандарттау, метрология және сертификаттау кафедрасының оқу процесіне енгізілді және «Метрология» және «Өнімді сынау, бақылау және қауіпсіздігі» пәндері бойынша зертханалық және практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде пайдаланылады. Бекітілмеген доңғалақ жұбының нақты пайдалану ресурс – 95,0 мың км, ал плазмалық жұп үшін – 237,0 мың км, яғни 2,5 есе ұлғайтуды құрайды.

Г.Т. Юсупованың диссертациялық жұмысы НАССР жүйесінің орындылығын негіздеуге, сыни бақылау нүктелерін анықтауға, сыни шекараларды белгілеуге, сәйкессіздіктер мен бақылау процедураларын жоюға арналған түзету әрекеттеріне, өнімнің тағамдық құндылығын анықтауға арналған. Зерттеу нәтижесінде ізденуші ҚР СТ ISO 22000-2006 стандартына сәйкес тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша «Зеренда» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС-не (Ақмола облысы, Целиноград ауданы) құжаттама әзірлеп, енгізді және кәсіпорынның жұмысы мен сертификаттауға дайындығы үшін нұсқаулық ретінде пайдаланылады.

Ізденуші **Ж.К. Шадьярованың** жүргізген ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде «Ешкі сүтінен жасалған құрма қосылған йогурттар» ұйымының стандарты әзірленді. Алынған нәтижелер қолданбалы болып табылады және «Зеренда» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС (Ақмола облысы, Целиноград ауданы) өндіріске енгізумен расталады, онда кәсіпорын шығаратын өнімнің ассортиментін кеңейтуді, кәсіпорынның нормативтік құжаттамасын әзірлеуді жоспарлап отыр.

А.Е. Джексембаеваның ғылыми зерттеулерінің нәтижелері жақсартылған технологиялық және пайдалану сапа көрсеткіштері бар цемент және болат балқыту қалдықтары негізінде композициялық материалдарды алуға арналған. Зерттеу нәтижелері «Жетісу-агро» сервистік-дайындау орталығы» ЖШС-де өндіріске енгізілді. Жаңа технологияны енгізудің нақты жылдық әсері жылына 328,4 млн. теңгені құрады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау

Диссертациялық кеңес отырысында қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер қаралып, бекітілді. Рецензенттер ғылыми жобаларда жұмыс істейтін, халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдары мен ғылыми дәрежелері, тиісті мамандықтар бойынша

атағы бар жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдары болып тағайындалды.

Рецензенттердің пікірлері оларды дайындау талаптарына сәйкес ресімделді. Жалпы тағайындалған рецензенттер диссертацияларға мұқият талдау жасап, олардың пікірлері қойылған талаптарға сәйкес орындалғанын көрсетті.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

Ауыл шаруашылығы саласының ерекшелігін, оның ішінде маусымдық-далалық жұмыстар мен зерттеулерді ескере отырып, докторанттарды оқыту (даярлау) ұзақтығын бір жылға ұзартуды ұсынамыз, себебі 2-3 жыл ішінде олар зерттеулерді аяқтауға және жарияланымдарды, әсіресе жоғары импакт-факторы бар шетелдік басылымдарда жариялауға толыққанды үлгермейді.

7. Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар бойынша қаралған диссертациялар саны

Көрсеткіштер	Мамандық
	6D073200–«Стандарттау и сертификаттау»
Қорғауға қабылданған диссертациялар	4
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-
Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-
Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар;	-
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-
Қорғау нәтижелері бойынша оң шешім алған диссертациялар	4
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-

Диссертациялық кеңестің
төрағасы



С. Шауенов

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы



Д. Ибраев



Мерзімі 20.01.2022 ж.